


АЙҚЫН

## МЕН КӨРГЕН МӘСКЕУ



Әсілінде біз Мәскеуге «Круг света» халықаралық фестивалін тамашалауға барғанбыз. Шараны кеңінен насихаттау үшін Мәскеудің туризм және спорт басқармасы Еуропа, ТМД елдерінің журналистерін жинады. Ресей астанасында осымен сегізінші рет өткізілген фестиваль бізді қайран қалдырды. Шуақты шараның куәсі болдық. Жарқ-жұрқ еткен жарықтар көз алдымызға керемет көркем көріністерді жетелеп әкелді. Су мен от аспанға қатар шапшығанда, көзіміз шарасынан шығып кете жаздады. Фестиваль соңында Мәскеу отшашуға оранды. Ал келесі күнді біз қаланың көрікті һәм тарихи орындарын аралауға арнадық. Сапарымыз ә дегеннен-ақ, Мәскеудегі «Бункер 42» музейінен басталды. Мұнда бізді музейдің атқарушы директоры күтіп алып, өзі де сұп-суық музейді қаһарлы дауысымен жаңғыртып, таныстыра бастады. «Бұл музей Сталин жолдастың жеке тапсырмасымен салынған» деп бастады сөзін ол. Әсіресе, «Сталин» деген сөзге екпін бере сөйледі. Мақтанышпен айтты...

### ҚАҒАРЛЫ БУНКЕР

Совет Одағы атом қаруын жасағаннан кейін одан қорғанудың да түрлі амал-шарғысын жасағаны белгілі. Осы мақсатта Таганская метро стансасының жанынан осы бункер құрылысын бастады. 1947 жылдың күзінде «Метрогипротранс» институтының ғалымдары бункердің техникалық жобасын дайындады. Не үшін Таганская метро стансасы таңдалды?

Бункердің Кремльге жақын болғаны тиімді еді. Атом соққысы бола қалған жағдайда Сталин мен Совет үкіметі сол жерге барып жасырынып, сол жерден үкімет пен армияны басқарып отырмақшы болды. Бункердің атом қаруына төзімділігі 1949 жылы Қазақстандағы Семей полигонында сыналды. Құрылысы 1950 жылы басталды. Жерасты бункерінің құрылысын Мәскеу метрополитені жүргізді. 1956 жылы бункер толықтай аяқталып, КСРО Қорғаныс министрлігіне өткізілді. Жер астында 65 метр тереңдікте орналасқан, жалпы аумағы – 7000 шаршы метр. Бір қызығы, Сталин бункердің сызбасын өзі сызып, жеке кабинетіне дейін жасақтаған екен. Алайда оған бункерге кіру бақыты бұйырмады. Сталин өлгеннен кейін бункер Қашықтықтағы авиация штабы басқармасына берілді. 1962 жылы Кариб дағдарысы басталған кезде бұл нысан атом қаруына төтеп беруге дайындалды. Бұл кезде әскери нысанның территориясын 2500 әскер тік тұрып күзетті. 2006 жылдан бастап нысанға реставрация жасалып, музейге айналды. Ресейліктер қай кезде де өздерінің қуатты да қайсар ел екенін әлемге паш етумен келеді. Әлемнің әр түкпірінен келген масс-медиа өкілдерін, әсіресе еуропалық журналистерді алдымен осы бункерге апарып таныстыруының өзі түрлі ой салады екен.

#### ҚЫЗЫЛ АЛАҢ ҚЫЗЫП ТҮР

Сенбілік серуенімізді Кремльді көруге арнадық. Илияс Есенберлиннің «Еңбекші жұрт, езілген тап, Мавзолейге етпек тауап!» деп жырлайтынындай бар екен. Лениннің денесін көруге ұзыншұбар кезекте тұрған халықта есеп жоқ. Тайыр Жароковтың да «Кремльдің өзінен, Көремін бақыт жұлдызын» деп өлеңге қосқаны бар еді. Бақыт жұлдызын білмедім, кешегі Кеңес заманының, оның алдындағы Ресей империясының там-тұмдаған тарихы көз алдыға көлбеңдеп келе береді екен. Алматы Исәділдің «Қызыл жұлдыз. Кремль. Қызыл алаң. Қызылдарсыз өзгенің күні қараң» дегеніндей біз барған кезде алаң қызып-ақ тұрды. Қызыл алаң – Мәскеудің ең ірі алаңы. Алаңның жалпы аумағы – 24 750 шаршы метр. Бұл жерде Кремль мен оның қызыл қабырғасы, орыстар «Лобное место» деп атайтын сакральды мекен, Минин мен Пожарскийге қойылған ескерткіш және Ленин мавзолейі бар. Солтүстігінде Тарих музейі мен Қазан соборы, ал оңтүстігінде Покровский соборы орналасқан. Осындай түрлі тарихи ғимараттарды құшағына қондырып жатқан Қызыл алаң әлемнің әр түкпірінен келген туристердің құтты орнына айналған екен. Ине шаншыр жер жоқ. Туристердің көбі – қытайлар. Тағы бір байқағанымыз, Мәскеудің әуежайы, вокзалы, тіпті сауда орындарына дейін жазбаларын үш тілде – орыс, ағылшын және қытай тілінде жазады екен. Қытайларды Мәскеудің кез келген көшесінен көріп қаласың. Басында таңырқап-ақ қалғанбыз, кейін көз үйреніп кетті...



## АТАҚТЫ СТАДИОН

Биылғы Футболдан әлем чемпионаты Ресейде өткені белгілі. Чемпионаттың өзін көрмесек те, финал өткен Лужники стадионында болдық. Бұл стадион 1956 жылы 450 күнде салынған. Мұнда өткізілген алғашқы жарыс – 1956 жылдың жазындағы КСРО халықтарының I спартакиадасы. Ал бір жылдан кейін мұнда VI Дүниежүзілік жастар және студенттер фестивалі өтті. Стадион содан бері 3 рет жөнделді. Соңғы рет 2017 жылы күрделі жөндеу жасалды. Жөндеуден кейін стадион Ресей мен Аргентина (0:1) құрамалары арасындағы ойынмен ашылды. Стадионның ашылу салтанатында Лионель Месси, Анхель Ди Мария, Хавьер Маскерано секілді футбол майталмандары қатысты. Әлем чемпионаты кезінде Лужникиде Ресей – Сауд Арабиясы, Германия – Мексика, Португалия – Марокко, Дания – Франция, Испания – Ресей, Англия – Хорватия, Франция – Хорватия арасындағы 7 ойын өтті. Әсіресе, Франция мен Хорватия арасындағы финал кезінде стадионда ине шаншыр жер болмапты. Қазіргі уақытта Лужники Ресейдің ең үлкен стадионына айналды. Сондай-ақ ол – Еуропадағы ауқымы жағынан ең үлкен он стадионның бірі. Қазір бұл спорт кешеніне 81 мың адам сияды. Жалпы көлемі – 221 мың шаршы метр. Біз Лужники спорт кешенін армансыз араладық. Тіпті чемпионат кезінде президенттер отырған, киім ауыстыру бөлмесіндегі футбол жұлдыздары отырған орындарға отырып көрдік. Жайлы екен!

## СЫР ТҰНҒАН ГАЛЕРЕЯ

Мәскеуге барып тұрып, Третьяков галереясына бас сұқпағанымыз қалай болады?! Атағы жер жарған Третьяков галереясын да көрдік. Аядай ғана ғимарат екен. Кезекте ұзақ тұрғанымызбен, бас-аяғын шарлап шығуға азғантай ғана уақытымыз кетті. Музейге кірген бетте көзімізге бала кезден білетін таныс картиналар оттай басылды. Талантты суретшілердің танымал картиналары. Қараған сайын көзің тоймайды. Әсіресе, қанға боялған қазақ тарихын суретпен кестелеген Василий Верещагиннің картиналарын көріп, көңіл аласұрды. Музейге келген қонақтардың алдына аялдап, көз тоқтатпай өтпейтін бір атақты картина бар. Ол – Верещагиннің 1871 жылы салған «Апофеоз войны» картинасы.



Третьяков галереясының ең үздігі – осы картина. Бұл сурет туралы түрлі мәлімет бар. Бірі Ақсақ Темір әйеліне қиянат көрсеткен сарбаздарының басын алып, осындай пирамида тұрғызған дейді. Екіншісі, Қашқар билеушісі Уәлихан төренің жазалаған адамдарының басы дегенге саяды. Уәлихан төре еуропалық саяхатшыны өлтіртіп, оның басын осы пирамиданың ең төбесіне қойған-мыс. Анығында, бұл бабаларымыздың басы болуы мүмкін. 1867 жылы Верещагин Түркістанға келіп, генерал-губернатор фон Кауфманның қызметкері болған. Сол кезде «Түркістан сериясымен» бірнеше сурет салған. Кім біледі, мынау сол кезде Түркістан үшін жанын қиған боздақтардың басы шығар? Өйткені суреттің рамасында соның дәлеліндей болып «Посвящается всем великим завоевателям –

прошедшим, настоящим и будущим» деген жазу тұр. Галереядан үлкен ой алып шықтық. Қанаттандық, әсерлендік. Мәскеу жұрты өзінің кешегі ұлы тарихын ұлықтап-ақ отыр екен. Өткеніне құрметпен қарап, әр жәдігердің шашауын шығармай, қорғап, құрметтеп және оны Ресейге келген туристерге «біздерде мынадай бар, мынадай бар» деп мақтанышпен көрсетіп отыр. Мақтанатындай-ақ бар. Өйткені Мәскеу – құндылықтарын құрметтей білген қала. Біз үйренетін бір нәрсе болса, осы шығар.